

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011 жылғы 14 наурыздағы № 366 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 13 сәуірде № 3370 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ**
Е Т Е Д І :

1. «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген, « Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерінің 2010 жылғы 19 қаңтарында № 6-7 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшері жаңа редакцияда қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың

Облыстық

сессия төрағасы

мәслихаттың хатшысы

Т. ЕСЕНҒҰЛОВ

Б. ОРДАБАЕВ

2011 жылғы

14 наурыздағы

№ 366

облыстық

мәслихаттың

шешіміне

қосымша

**Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы
ставкаларының
МӨЛШЕРІ**

Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері

1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	81,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	232,0
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	65,2
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	63,0
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	164,3
6.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	7,8

Торғай, Ырғыз өзендері бассейні

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	69,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	196,0
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	54,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	54,0
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	140,0
6.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.